



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СӨТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованы қабылдады. Кездесуде Президентке жоғары конституциялық бақылау органының қызметі туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына былтыр Конституциялық Сотқа бес мыңнан астам өтініш, оның 99 пайызы азаматтардан келіп түскені жөнінде баяндалды. Эльвира Азимованың айтуынша, азаматтар өз өтініштерінде сот актілеріне, лауазымды тұлғалар мен судьялардың іс-әрекеттерінің заңдылығына, қылмыстық жазаның түрлері мен шарттарына, қылмыстық қудалау кезінде адам құқықтарының сақталуына, еңбек және өкімшілік-құқықтық қатынастарда құқықтық қорғалуына қатысты мәселелерді көтерген.

Конституциялық соттары бар мемлекеттердің бәрине тән негізгі ұстаным – азаматтардың Конституциялық сот төрелігіне жүтінуді шектеме және қаржылық кедергілерді алып тастау. Осыған орай Мемлекет басшысы былтыр желтоқсан айында Конституциялық Сотқа жүгінген кезде төлейтін мемлекеттік баж салығын нөлілік мөлшерлемеге дейін төмендетуді қарастыратын заңға қол қойды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа конституциялық іс жүргізу аясында азаматтарға кепілді заң көмегін беру шарттары, сондай-ақ құқықтық мониторинг пен заң шығару қызметі шеңберінде Конституциялық Сот қабылдаған шешімдерді және сот практикасының шолуын ескеру туралы ұсыныстар қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің қарауында жатқаны баяндалды.

Мемлекет басшысына берілген мәліметке сәйкес, былтыр 558 құқық нормасы тексеріліп, нәтижесінде 29 нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізу жөнінде кеңес берілді. Конституциялық Сот Қылмыстық-процессуалдық, Салық кодекстерінің және бірқатар заңның жекелеген нормаларын қайта қарау жөнінде ұсыныстарын берді. Бүгінде Үкімет пен уәкілетті органдар аталған ұсыныстардың 16 пайыздан астамын орындады.

Президент Конституциялық Соттың 2023 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысын бағалай отырып, аталған органның құрылуы және оның қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандығын қорғауға қатысты қоғам мен мемлекеттің сұранысына сай келетінін айтты.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

«КЕЛЕШЕК»

КӨПТІҢ МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ МЕ?



Коллаж: К.Ордабаева

Бүгінде білім қуған жастардың қалаған мамандығын игеріп шығуы оңайға түсіп жатқан жоқ. Себебі, жоғары оқу орындарының оқу ақысы шарықтап тұр. Жыл сайын өседі. Беделді деген университеттердің жыл сайынғы оқу ақысы кем дегенде 1-1,5 млн теңгеден басталады, ері қарай жалғаса береді. Өрине мұндай жағдай екінің-бірінің баласы үшін қалта көтеретін ахуал емес. Ал қарапайым отбасының баласы мемлекеттік гранттан үмітті. Болмаған жағдайда ата-анасы несие алып оқытуға мәжбүр.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жыл сайын елімізде демографиялық өсім қуантады. Әйтсе де мектептердің жетіспеуімен қатар оқу гранттарына сұраныстың көбеюі тағы мәселе тұрғыратынын аян. Осыны ескерген Мемлекет басшысы Жолдауында: «Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты біріншілік ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады» деген болатын.

Осыған орай жоғары оқу орнында білім алуға қажетті ақшаны жинауға мүмкіндік беретін «Келешек» жүйесін 2024 жылы енгізуді тапсырды. Бұл бағдарлама халық пен барлық қатысушы үшін қарапайым әрі түсінікті болуы керек.

Деректерге сүйенсек, кейінгі үш жылда 1 млн-ға жуық бала дүниеге келген. Орташа есеппен алғанда, жыл сайын елімізде 400 мыңға тарта бала туады. Қазір сол балалардың орташа есеппен 40 пайызы мемлекеттік грантпен қамтамасыз етілген екен. Ал біздің облыс туу деңгейі бойынша Шымкент, Маңғыстау, Түркістан облыстарынан кейінгі төртінші орында.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек келер 10-15 жылда жастардың көбін грантпен қамту мүмкін болмайтынын алға тартады.

2-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕРЕЖЕ 2 НАУРЫЗДА КҮШІНЕ ЕНЕДІ

Қоғамға ықпал етушілер (блоггерлер) коммерциялық немесе ақшаға жариялаған онлайн-жарнамаларын таңбалауы қажет.

Жарияланымның басында немесе соңында «жарнама», «жарнамалық материал», «серіктестік материал», «демеушілікпен дайындалған», «жарнама құқығы», «демеуші төлеген», «PR құқығы» деп жазылуы тиіс. Әлеуметтік және қайырымдылық посттарды белгілеудің қажеті жоқ.

Айта кетейік, «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама» заңына былтыр 10 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойды. Заң жобасы Қазақстанда қауіпсіз онлайн орта құруға бағытталған.

ЖАЛАҚЫ 25 %-ға ӨСТІ

Биыл су шаруашылығы саласының 450-ден астам қызметкері мамандандырылған орталықтардың жанындағы біліктілік арттыру курстарынан өтеді.

Осыған орай Су ресурстары және ирригация министрлігі мамандарының біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлеп жатыр. Ведомство жанынан су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру және ирригация саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес құрылды.

– Өңірлердегі студенттер су шаруашылығы ұйымдарында өндірістік практикадан өтіп, одан әрі жұмысқа орналасуы үшін ЖОО-мен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасауды жоспарлап отырмыз. Осы жылдан бастап кейбір су шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы 25%-ға өсті, – деді министр Нұржан Нұржігітов.

САЛЫҚ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТІ

Кірісін жасырғандар 60 пен 300 мың теңге аралығында айыппұл арқалайды. Осы ретте Кірістер комитетінің өкілдері мүлік иелерін салықтан жалтармауға шақырады.

Ол үшін кәсіпкер ретінде тіркеліп, Е-Salyq мобильді қосымшасы арқылы пайданыңдыздың 1 пайызын салық ретінде төлеу керек. Тек жылдық табысыңыз 13 миллион теңгеден аспауы тиіс. Ал әскери және мемлекеттік қызметкерлер жалғыз бірдей декларация толтыру кезінде осы кәсібінен түсетін пайдасын ашық көрсетіп, 10% төлейді. Жылжымайтын мүлікті тәуліктен қосалқы жалға беретін болсаңыз да салық төлеу қажет. Жауапты комитеттің мәліметінше, Қазақстанда 80 мыңнан астам адам үйін жалға беретін көрінеді.

ҚОРЛАРҒА ҚАРЖЫ ҚҰЙЫЛАДЫ

Елімізде инновация мен жаңа технологияларды дамыту үшін венчурлық секторға қомақты қаржы бөлінбек. Бұл орайда инвестиция «Самұрық-Қазына» компанияларынан, банктерден, сақтандыру компанияларынан және зейнетақы қорларынан тартылмақ.

Бұл үшін Қазақстанның Кәсіпкерлік, Әлеуметтік кодекстеріне өзгертулер енгізу жоспарланып отыр. Цифрлық даму министрлігінің түсіндірме жазбасына сәйкес, бұл шара Президенттің венчурлық қорларды қаржыландыруға шетелдік және отандық инвесторларды тарту жөніндегі тапсырмасын орындау үшін қолғалыған. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры енді венчурлық қорлардың жарғалық капиталындағы үлестерді немесе қатысу үлестерін сатып ала алады. Сәйкесінше, одан инвестициялық табыс көруге де құқылы болады. Егер жобалар табысты жүзеге асып жатса, жоғары инвестициялық табыс есебінен қазақстандықтардың жеке жинағының сомасы да арта түседі.

Дайындаған Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

«СІҢІРСЕМ ДЕЙМІН ЖЕРІМЕ, МАҢДАЙДЫҢ ТЕРІН АҒЫЗЫП...»

Адырға салса арымай, жотаға салса жасмай, тәуелсіз елдің тұғырын бекемдеуге жан-тәнімен еңбек еткен тұлғалар сапында Бердібек Сапарбаевтың есімі ерекше аталады. Осыдан тура бір апта бұрын Астанада қайраткердің тұлғалық нөмір адами болмысын әйгілеген алқалы жиын өтті. Әдетті қалыптың ауанынан асып, парасаттылық ауылына ат байлағандай әсер қалдырған осы бір игі іс-шара көптің көкейінде көпке дейін сақталатыны сөзсіз. Өйткені, Бердібек Сапарбаев тұлғасын ашу арқылы ұлттың мүддесі мінберге шықты. Л.Н.Тумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған «Бердібек Сапарбаев тұлғасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда сөз алғандардың бірқатарының пікір желісін оқырманға ұсынды жөн көрдік.



ӨНІР ӨНІМІ

ЕРГЕ ТӘН ЕҢБЕК ЕҢСЕРІП...

Құрылысқа қажетті заманауи құрал-жабдықтар мен өнімдер өзімізде де шығарылууда. Ең қызығы, бала күтіміне байланысты декреттік демалысқа шығып, қосымша табыс ретінде кәсіп бастаған Гүлзат Әбілованың ісі көпке үлгі.


Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

– Біз цехта брусчатка, еурокоршау шығарумен айналысамыз. Маусымдық жұмыс кезінде 20 адамға дейін көмекші аламыз. Бұл отбасылық кәсіп еді. Алайда осыдан 4 жыл бұрын жолдасым өмірден өтті. Сонда да қаймықпай балалардың жарқын болашағы үшін еңбек етіп келемін. Алда жұмыс жоспарым көп. Бастысы – қиындыққа мойымай, кәсіпімді өркендетіп, адамдарды жұмыспен қамтысам, – дейді ол.

Гүлзат Әбілова өткен жылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымсыз грантты жеңіп алған. Бұл қаржыға қажетті құрал-жабдықтарын түгендеп, арнайы

қалыпқа салып әзірленетін еурокоршаудың 600-800 метр тапсырыс берушіге өткізген. Жұмыс ауқымы кеңейген соң «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымына «Құрылысқа қажетті темір торлар шығару үшін қажетті құрал-жабдықтар салып алу» жобасын ұсынып, төмен пайызбен 13 млн теңге қаражатқа ие болды. Қазір қытайлық компаниялармен келісім-шарт арқылы құрал-жабдықтарды алдыртуда. Наурыз айынан бастап жұмысқа кіріскелі отыр.

Гүлзаттың ерге тән қабілеті сүйсіндірмей қоймайды.





ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



ИНТЕРНЕТ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Beeline Қазақстан» компаниясының Бас атқарушы директоры Евгений Настрединмен кездесіп, онда аймақтағы интернет сапасын жақсарту жолдары талқыланды.

Аймақ басшысы тұрғындардың цифрлық дәуірдің артықшылықтарын пайдалануын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтіп, бұл бағытта бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

– Мемлекет басшысы айтқандай, «Бүгінде интернет – жол мен электр энергиясы сияқты негізгі қажеттілік. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы бекітіліп, оның ауылдық елді мекендердегі сапасын арттыру және шағалдай елді мекендерді мобильді байланыспен, интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Біз Цифрландыру министрлігімен бірлесіп, Қызылорда облысы бойынша 2024-2027 жылдарға арналған Жол

картасын бекіттік. Бүгінде байланыс пен интернет әрбір қазақстандықтың өмір сапасына әсер етеді. Тұрғындардың заманауи коммуникациялық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында «Beeline Қазақстанмен» тығыз ынтымақтастық орнатуға дайынбыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

– Біздің мақсатымыз – тұтас аймақтың, оның ішінде Қызылорда қаласының барлық тұрғындарының сапалы байланыс және интернетпен қамтамасыз ету. Жергілікті билікке қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреміз және жұмыс ауқымын кеңейтуге дайынбыз. Цифрлық теңсіздікті еңсеру – біз үшін маңызды

міндет, өйткені әрбір қазақстандықтың интернет жылдамдығының барлық артықшылықтарын пайдаланғанын қалаймыз, – деді Евгений Настредин.

Айта кетейік, соңғы 2 жылда «Beeline» бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырды. 2022 жылы «Астана», «Бөйтерек», «Сол жағалау», «Ақмаржан» және Махамбет сияқты шағын аудандарды қоса алғанда, облыс бойынша 31 жаңа базалық станция іске қосылды. Өткен жылы аудан орталықтары мен Қызылорда қаласында базалық станциялар құрылысы жалғасты, «LTE Everywhere» бағдарламасы арқылы облыстың 19 елді мекеніндегі 15 мыңнан астам тұрғынды желіге қосты. Биыл тағы 60-қа жуық жаңа базалық станция салу және басқа станцияларда LTE желісінің сыйымдылығын кеңейту жоспарланған. Бұл аймақ тұрғындарының интернет байланысын жақсартуға оң ықпал етеді.

ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Олар қозғалған мәселелердің қатарында тұрғын үй алу, құқығын қорғау және кәсіп ашу бар.

Қабылдауға келіп ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Мамандар әрбіріннің себеп-салдарын жіті зерттеп, шешімін заң талаптарын негізге алып қарастырады. Қабылдауға келушілердің кейбірі өз сұрақтарына қатысты түсіндірме жауапты сол жерде алды. Көтерген мәселесінің шешілу жолдарын білді.

Мәселен, әкесі, Кеңес Одағының батыры Ж.Қизатов тұрған үйдің шатырын жөндеуге көмек сұрап келген зейнеткердің мәселесі кәсіпкерлердің көмегімен шешілетін болды. Мұнан бөлек, жұмыс істеп, табыс табу үшін компьютер сұраған 1 топ мүгеделі мен баспанға мұқтаж, табысы төмен кісіге көмек көрсетілді. Бүгінгі қабылдауда жас спортшы Олжас Оразалыұлының анасы да қуанышты хабар естіді. Олжас Оразалыұлы – әлемдік және Олимпиада рейтингтерінде бірінші орында тұрған параджодошы, биыл Париж қаласында өтетін Паралимпиада ойындарына қатысуға үміткер. Спортшының қызметтік үйіне жекешелендіру құқығын беруді сұраған ағасы Нұрлыбек Машбекұлы «Олжас Паралимпиадалан жүлделі орын алса, оған өзім үй алып беремін» деп қуантты.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov, порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

27 АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР КҮНІ



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІН НЕГІЗІ

Біріккен Ұлттар Ұйымы «Халықаралық үкіметтік емес ұйым» ұғымын 1950 жылы 27 ақпанда енгізді. Осы арқылы азаматтық қоғам институттарын ресми мойындауды білдірген болатын. Алғашқы болып «ҮЕҰ күнін» Латвия Азаматтық альянсы насихаттады. 2009 жылдан бастап Дүниежүзілік ҮЕҰ күні бүкіл әлемде аталып келеді.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында үшінші сектор қалыптасты, ол үш тараптың мемлекет, бизнес, үкіметтік емес ұйымдардың өзара серіктестігін білдіреді. Қазақстандағы ҮЕҰ секторы әлеуметтік мәселелермен айналысатын қоғамдық бірлестіктерден, қорлардан және үкіметтік емес, коммерциялық емес институттардан тұрады.

«Азаматтық қоғамды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасында» азаматтық қоғам адамға өзінің азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және мүшелерінің әртүрлі қажеттіліктері мен мүдделерін білдіретін мемлекеттік емес қоғамдық қатынастар мен институттар жүйесі деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан. Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз» деп айқындап берген болатын.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ҮЕҰ-ның саны өсуімен қатар азаматтық қоғам институттарын қызмет түрлері бойынша саралау байқалады. Бұл мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемінің ұлғаюымен де, халықаралық ұйымдардың қаржылық қолдауымен де байланысты. Азаматтық қоғам институттарының қызметінен түскен кірістер ҮЕҰ құратын, реттейтін, қатысушылар, ұйымдарда жұмыс істейтін немесе олардың қызметін бақылайтын құрылтайшылар арасында дивидендтер түрінде бөлінбейді, сондықтан бұл ұйымдарды дүние жүзінде коммерциялық емес ұйымдар, яғни, пайда табуды көздемейтін деп те атайды.

Мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру және азаматтық сектордың тұрақты дамуына жағдай жасау үшін «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Кәсіптік одақтар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықтар туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы» заңдар қабылданды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 23 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым бар, өткен жылдың соңындағы дерек бойынша Алматыда 5017, Астанада 3554, Шымкентте 1512, Қарағанды облысында 1237 және Қызылорда облысында 1217 ұйым тіркелген. Олардың қызметінің ашықтығы мен жариялылығын, жобалары туралы ақпараттық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 2017 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігі «ҮЕҰ дерекқорын» енгізді.

Қазақстанның Азаматтық альянсы 2006 жылы құрылған және оның еліміздің барлық өңірлерінде өкілдіктері бар. Қызылорда облысында үкіметтік емес ұйымдар альянсына 73 ұйым мүше. Өткен жылы бірлестік мүшелері маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған 18 жоба мен бастаманы жүзеге асырды.

Альянс биыл үш басым бағытты тандады: ауылдық елді мекендердегі жергілікті қауымдастықтарды дамытуға жәрдемдесу, экологиялық жобаларды іске асыру және Қызылорда облысындағы әлеуметтік жобалар бағдарлама әкімшілері ұсынған қолданыстағы техникалық сипаттамаларға талдау жасау.

Сондай-ақ Қызылорда облысының үкіметтік емес ұйымдар альянсы шығармашылық жобаларды дамыту және қазақтардың материалдық емес мәдени мұраны насихаттау бағдарламасын бастама ретінде көтерді.

Әріптестерімді Дүниежүзілік ҮЕҰ күнімен құттықтаймын. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырудағы күрделі жұмыста сәттілік тілеймін. Біздің ұйымдар қамқор, бастамашыл, кәсіпқой адамдарды біріктіріп, қоғам мен мемлекетке пайда әкелетін нақты алаңға айналыңыз.

Анар ІЗДЕН,
Қызылорда облысы ҮЕҰ Азаматтық альянсының төрайымы

ӨҢІР ЖАСТАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Облыста жасанды интеллект ІТ саласын жетік меңгерген жастардың қатарының көбеюі қуантады. Жыл өткен сайын тың жобалар өз жемісін беріп отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелде облыстағы ІТ саланы дамыту жағдайы кеңінен талқыланып, сала мамандары алдағы міндеттер мен жүзеге асқан жобалар жөнінде ой қозғады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыс әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла бытыр Қорқыт ата университеті Оңтүстік Корея елімен бірлесіп жасанды интеллект мектебін ашқанын атап өтті. Қазіргі таңда студенттер технология саласы қарыштап дамыған елдің ұстаздарынан тәлім алуы бастап кетті.

– Алдағы уақытта екі ел арасындағы бірлескен жұмыстар жалғасын табады деген үміттеміз. Жоғары оқу орнында арнайы жасанды интеллект бойынша 100-ге жуық грант беру мәселесі қаралуда. Мұндай мүмкіндікке қол жеткізген студенттер екі жыл көлемінде Оңтүстік Кореяда білім алады. Бұл – біздің өңірдің жастарына өте қажетті әрі ынғайлы жоба. Келешекте жас мамандар өздерінің тың жобасын жарыққа шығаруға мүмкіндік алады деген ойдамын. Одан бөлек жаңа идеяларды жүзеге асыруға «Kyzylorda Hub», «ІТ

park», «Astana Hub» секілді орталықтар арқылы жүзеге асыруға болады. Осы мақсатта тұрақты түрде облыс әкімдігімен бірлескен әртүрлі шаралар өткізілуде. Оның ішінде «Hackathon», «Resha-Kucha» секілді іс-шаралар ұйымдастырылады. Бытыр жасанды интеллектті дамыту бағытында ұйымдастырылған инновациялық фестивальда көптеген жобаларға жол ашылды. Солардың бірі – жасанды интеллекттің қазақша сөйлетіп, ерекше жоба дайындаған оқушы Асылжан Абдуллаевты білікті мамандар жоғары бағалап отыр. Бұл жобаға елімізден бөлек, шет мемлекеттерден де қызығушылық білдіруде. Өр кезеңнің талабына сай жаңа технология пайда болады. Қазірге дейін робототехникаға мән берілді, ендігі кезекте жасанды интеллект арқылы жана индустрияға жол ашылып отыр. Сол себепті ІТ саланы дамытуға мүмкіндік жасау ел

экономикасына жаңа серпін әкеледі деген ойдамын, – деді ол.

Ал «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Түбекбаевтың айтуынша, бүгінде еңбек нарығында ІТ саласының мамандары жоғары сұранысқа ие болып отыр. Қоғамның кез келген саласында оның қажеттілігі айқын аңғарылады. Тіпті технология күнделікті өмірде де кеңінен қолданылуда.

– Бірнеше ауқымды жобаны қолға алдық. Оған қала мен шағалдай елді мекендегі дарынды жастарды тартуға мән беріп келеміз. Олардың тың жобасын одан әрі жетілдіруге қолдау көрсетіледі. Сол жұмыстардың арқасында өңірде сәтті жобалар жарыққа шықты. Статистикалық мәліметке сүйенсек, ІТ бағытында өткізілетін жобаларға Қызылорда қаласына қарағанда, шағалай ауылдан келетін жас өрендердің саны басым. Әсіресе, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарының жастары өте белсенді. Бұл бізді ерекше қуантады. Алда көптеген жаңа жобалар мен жоспарлар орындалады деген үмітіміз бар, – деді Ж.Түбекбаев.

Оның айтуынша, қазақстандық жастардың ІТ саласы, жасанды интеллект бойынша алған білімі шетелдік мамандар тарапынан жоғары бағаланады. Олардың қабілет деңгейі ешкімнен кем соқпайды. Алдағы уақытта қазақстандық жастардың

арасынан әлемдік деңгейдегі тың жобаларға түрен салатын талантты азаматтар шығатынына сенім зор.

– Қазірдің өзінде Google секілді дүние жүзіне белгілі компанияларда қызмет атқарып жүрген қызылордалық жастар бар. Алдағы уақытта олардың қатары толығын деген ойдамын. Осындай талантты азаматтардың арқасында қазақстандық ІТ саласы, жасанды интеллект дамуында жаңа сатысына беттеп келеді, – деді ол.

«Grand master» бағдарламалау мектебінң директоры Алматы Қуанышбаев ІТ тек айтыштықтарға арналмағанын айтады. Бұл қоғамның барлық тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты.

– Сол себепті мектеп табалдырығын аттаған әрбір оқушы осы сала бойынша толық білім алуы керек деп ойлаймын. Бұл жердегі басты мақсат – барлығын ІТ маманы ету емес, болашағына қажет болатын қарапайым қызметтен хабардар болсын деген ой. Біздің ІТ парк базасында 12 резидент бар. Олардың әрқайсысы айына 2 рет іс-шара өткізеді. Оған біз ауылдық аудандық мектептің және колледждің балаларын онлайн түрде қатыстырамыз. Одан бөлек, шетелдік мамандарынан кеңес алып, балалармен кездесу ұйымдастырамыз. Биыл жасөспірімдерге арналған тағы бір жоба өткізуді жоспарлап отырымыз, – деді А. Қуанышбаев.

«КЕЛЕШЕК» КӨПТІҢ МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ МЕ?

«2020 жылдан бері жыл сайын грант саны көбейіп келеді. Бірақ мұның өзі жеткіліксіз болады. Сондықтан біріншілік ерікті жинақтау жүйесіне көшіп жатырмыз. Оның үстіне жеңілдетілген несие және сараланған гранттар жүйесі ескерілген. Биылдан бастап «Келешек» бағдарламасы аясында есеп-шоттар ашу қарастырылып отыр» деді министр.

Сарапшылар министрлік бұған дейін грант санын көбейтіп, экономиканы тығырыққа тіреп қойды деген пікірде. Олардың пікірінше, бюджет қаржысын үнемдегісі келсе – шекті балды көтеріп, ең үздігін ғана грантпен оқыту керек.

– Меніңше, ата-аналардың жинаған ақшасы ештеңеге жетпей қалады, өйткені жыл сайын оқу бағасы қымбаттайды. Оған инфляцияны қосыңыз. Тіпті тұрақсыз экономика да бұған әсер етеді. Министрлікке грант санын қалай азайтуды емес, сол гранттарды қалайша мақсатты пайдалануға болады дегенді ойлау керек, – дейді сарапшы Жанна Мендібаева.

Дүниежүзілік банктің мәліметінше, экономика өсімінің 16%-ы физикалық, 20%-ы табиғи, қалған 64%-ы адами және

әлеуметтік капиталға байланысты. 2040 жылға қарай 18 жастағылардың саны айтарлықтай өседі. Бұл ретте гранттар санын арттыру олардың көбін жоғары біліммен қамтуға мүмкіндік бермейтіні анық.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Қазіргі кезде баланың оқуына қаражат жинау үшін кез келген банкпен депозит ашып, есепшотқа ақша сала беруге болады. Алайда жай депозиттің бір кемшілігі бар. Қаржылық қиындыққа тап болған адам есепшоттағы ақшаны шешіп ала алады. Сол себепті елімізде 2013 жылдан бастап мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі енгізілген болатын. Соның аясында «AQYL» депозитін алуға мүмкіндік бар. Ал есепшоттағы ақшаны 20 жыл бойы алуға тыйым салынған. «Келешек» ерікті жинақтау жүйесі де осы «AQYL» депозитіне ұқсас. Бір ерекшелігі, мемлекет ата-анаға көмек ретінде алғашқы жарналық капиталын салады. Ол 60 АЕК көлемінде. Бір айта кетері, 7 пайыздық мемлекеттік сыйақы әлеуметтік осал топтарға ғана төленеді.

Олар – жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер, көпбалалы және жағдайы төмен отбасылардан шыққандар. Ал 5 пайыздық сыйақы Қазақстанның басқа азаматтарына төленеді. Бағдарламашарттарына келер болсақ, бала 5 жасқа келгенде мемлекеттен бір реттік бастапқы капитал – 60 АЕК (қазіргі 207 000 теңге) түседі. Ата-ананың міндетті салымдары ай сайын 1-3 АЕК немесе 3450-10350 теңге. Мемлекеттің 7 пайыздық және банктердің сыйақысы бар. Бала 18 жасқа толғанда Ұлттық қордан түсетін ақшамен біріктіріп оны оқуына пайдалана алады. Егер ата-ана баласының ертеңін ойлап, жағдайы келіп 3 АЕК-тен салып тұрса, ақшаны алар уақытта 7500000 (жеті жарым миллион) жинақталады екен. «Келешектің» басты артықшылығы да – ақшаның көптеп жиналуында. Себебі есепшотқа бірнеше көзден ақша түсіп тұрады. Ал ең соңында баланың Ұлттық қордағы үлесі аударылады. Бірақ 18 жасқа толған жасөспірім грантқа түссе, ақшаны шешіп алуға болмайды. Қазіргі жоспарға сәйкес, оны тек баспана сатып алуға ғана жұмсауға болады.

ҚАРЖЫ ЖИНАЙСЫЗ БА?

Қазақ «алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деп біліп айтқан ба дерсің. Тағы бір даналығында «Тарта жесен – тай қалар, қоя жесен – қой қалар, қоймай жесен не қалар?!» дейді. Расында, бауыр еті баласының болашағын ойлаған халқымыз қаражат жинауға қатты мән берген секілді. Ал бүгінгі баямсыз өмір қалай? Баланың келешегі үшін қаншалықты қам жасайсыз? Ата-аналар чаттарында жүргізген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, көп адамның айлығы шайлығы мен несиесінен артылмайды. Жауап бергендердің 90 пайызы ақша жинауға мүмкіндігі жоғын алға тартқан. «Келешек» бағдарламасы туралы тіпті хабары жоқ.

Сонымен алдағы наурыз айынан бастап іске қосылатын жаңа бағдарлама аясында халық арасында кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек те шығар. Айына 3450 теңгені үнемдеп, баламның келешегі үшін деп қаржы жинағаннан ұтыммайтын шығармыз. Сіз қалай ойлайсыз?



Менің әкем



Ақсұңқар қакқызбай іледі

Кенес өкіметі орнаған соң ақ патша генералы Дутов әскерлері 1919 жылы Торғай қаласын басып алады да, халық батыры Амангелді Иманов ақ гвардияшылар қолынан қаза болады. Біздің Сапар аталарымыз сол кезде Қостанай облысында тұрған. Осы оқиғаға байланысты оларға Әліби Жангелдин енді сіздерге көшпесе болмайды, атаман Дутов Амангелдиннің туыстары деп Қыпшақтарға қылыш сермейтін секілді деген болжам айтыпты. Сөйтіп, аталарымыз бір күнде көтерілген. Бірағы Қытайға, бірағы Ауғанға қарай ауған. Біздің аталарымыз, жүзашақты отбасы Ауғанстан мен тәжік шекарасындағы Тархан деген таудың етегіне бір-ақ тоқтап, сол жерде қоныстанып қалған.

Менің әкем Дархан 1935 жылы осы өңірде өмірге келген. Әкемнің кіндік шешесі бір тәжік әйелі болған. 1936 жылы елдегі жағдай онала бастапты дегенді естіп, аталарымыз қырықшақты отбасы болып, елге бет түзетін. Қалғандары одан әрі кете берген, тіпті кейіннен Франция жеріне барған хабарлары жеткен.

Елге дейін түйе мен атқа артқан көш бір жыл уақыт жүріпті. «Темір етігі төбендей болыпты» дегендей, аш-жалаңаш, артынып-тартынған сол көшті көзге елестете алмаймын.

Осы уақытта қазіргі Сырдария ауданына қарасты «Айдарлы» ауылынан әріректе «Құмынғанак» деген қолхоз болыпты. Аталарымыз көш басын сол қолхозға тіреген. Әкемнің туу туралы куәлігі осы жерде берілген. Сол кезде атын Тархан емес, Дархан деп жазған.

Төрт-бес жылдан соң әкемнің әкесі, біздің атамыз Базарбай соғьса кетіп, 1946 жылы аман-есен елге оралған. Үлкен атамыз Сапар шамамен жиырма-отыз түйе ұстаған. Арғы аталарымыз малды болған екен, сол байлық бұл кісіге де қонған. Әйтпесе, қырықыншы жылдары жұртқа мал емес, жан қайғы бір кез ғой.

Базарбай атам елге келгенін отбасымыз Қаратоғай деген жерге көшкен. Бұл қазіргі біздің Қызылорданың батыс ауданы, дәлірек айтқанда Бұзылып кеткен ЦҚЗ-ның тұсы. Қаланың сол жақ шетінде Қаратоғай деген көше қазір де бар. Қаратоғайда халық



болады. Сол 1957-жылдары атақты «Мың бір түнді» қазақшалаған жазушы Қалмақан Әбдіқадиров та Шиеліде жұмыс істеп жүріпті. Ол содан біршама уақыт бұрын ғана Алматыдан келген екен. Бұл кісі де талай тағдыр тауқыметін тартқан жан. Шиеліге қаракан басы ғана келіп, кейін ағайындар бір жақсы кісімен отастырған. Біздің әкеміз осы аудандық газетте жүрген бес-алты жылда Қалмақанның үйінде тұрған. Сонда былайғы жұрт Дархан әкемізді Қалмақанның артынан келген баласы деп ойлаған. Шынында бұл кісімен де туыстығымыз бар.

Әкеміз Шиеліде жүріп үйленіп, 1963 жылы Қызылордаға көшеді. Облыстық радио хабарын тарату басқармасына редактор болып орналасып, онда көп жүрмей, облыстық «Ленин жолы» газетіне әдеби қызметкер болып барады.

фототілшісі Арзымбек Мәденинов келіп, көкеңі сол марапаттарын суретке түсірді. Осы кітап шықпай қалды. КГБ қызметкерлері құпия сақталу керек деп бастыруға рұқсат берменгі. Папам біреуге берді ме, жоқ па, сол қолжазба да жоғалтып кетті. Бұл кітапта Байділа көкеңнің өмірінен басқа мен сөз басында айтқан аталарымыздың қиын-қыстау күндердегі тағдыры да тарқатылып айтылғанын білемін.

Жақында Байділа Досқенов туралы бір кітап жарық көрді, әрине, авторы басқа кісі. Мен сол кітаптан Арзымбек ағаның біздің үйде түсірген суреттерін жазбай таныдым. Бірақ ол кітапта аталарымыздың тарихы туралы тарау жоқ. Егер әкем газет жұмысымен қалмай, Алматыда жүргенде атақты жазушы болып кетер еді. Ол кісінің жазушылық талантын

көп, бәрін де ықыласы бөлек, жалпылап жай-жағдай сұрастырады, баз біреулері үйлеріне шақырады.

Жазушылар одағында ақын Қадыр Мырзаліевпен кездесіп қалған едік. Қадекен жалпылап жатыр, қайран қалып мен тұрмын. Желі оңынан тұрып, дәуірлеп тұрған атақты ақынның Дөкеннің алдында мұншалықты дәрежеде кішіпейілділік көрсетіп, кішірею ойға қалдырғандай еді. Құшақтасып көрсуден басталған аман-саулық сұрау, жай-жағдай білісу жағы аяқталғандай болған шақта Қадекен салмақ салғандай болып:

— Дәке, сіздің жөніңіз бөлек, біздің үйден дәм татасыз, қонақ боласыз, — деп кесіп айтты. Сонда араға түскендей болған біреу:

— Қадыр да қонақ шақырады екен ғой, шөптің басын сындыратын шығармыз, — деп киікті келіп. Шамасы, әзіл-қалжыны бар кісі болса керек. Қадекен қайтатын, қайырылатын емес, өршеленіп өрге тартып былай делі:

— Сіздер жазушы Дархан Сапаровты білмейді екенсіздер, ал мен үшін оның орны бөлек. Дөкен менің тұңғыш редакторым, алғаш бір топ өлеңдерімді жариялап, ақ жол тілеген де осы кісі.

Бұл үзге түсініксіз қалған мен былай шыққан соң сұрастырсам, Дөкен оқып жүргенде университет газетінің редакторы болған екен. Ақын Қадыр Мырзаліевтің жаңағы мегзегені сол болып шықты.

Сол жолы Дөкен мені өзімен бірге оқыған, бір бөлмеде бірге жатқан курстас дос-тары — сыншы Зейнолла Серікқалиев және ақын Жүсіп Қыдырұлымен таныстырды.

Демалыс күні болуы керек, темір арқан бойымен Көктөбенің басына көтерілдік. Осында үлкен қаланың қас-қабаттарын қарап отырып курстас сыр шертті. Кәуап жеп, арасында сыра ішіп дегендей, айтылған әңгіме құлаққа қонып, құрышыңды қандырғандай еді...»

Бұл — Әскербек ақынның естелігі. Папам жөнінде жазған, пікір білдірген кісілер көп-ақ. Алпыс жасқа да толмай өтті ғой, өмірден. Алдымен анамыз қайтыс болды, осы қаза папамды қажытып кетті.

Көп жыл «Ленин жолының» редакторы болған Қалқабай Әбенев те біздің туысымыз болатын. Папамыз екеуі өте қызыл сыйласты. «Журналистиканы бітірген жайлы журналист» деп Қалқабай ағамыз папамды өзіне орынбасар қылып алады. Алайда папамызды өмірдің жары ортасына жеткенде ауру айналдырды. Сол кезде жақын достары жанынан табылды, әсіресе, досы, полковник Әбдіразақ Жаңабайев жиі келетін. Қалқабай аға да араға күн салмай соғатын. «Жұмысыңды істей берейші, барып-келіп жүрсен болды ғой» дейтін. Қалқабай ағаның сол қамқорлығы папамды біраз сергіткендей, күш берді. Таяғын тіреніп, бірауық редакцияға барып келетін. «Ақша қарда көп жүрсен — көзін бір күн қарығар, ағайыңнан шет жүрсен — көңілің бір күн тарығар» дегендей, Қалқабай аға да, біздің папамыз да ағайын десе барын беретін, жоғын түгендейтін жомарт кісілер еді ғой.

Ата-анамыз қайтқанда біз жас болдық. Соңында сегіз перзент қалдық. Әкем төсек тартып жатқанда: «Сендерге ештеңе қалдыра алмадым. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығалы» деген, ел қатарлы күн көрсіндер» деп мұнайғандай болды.

Шынында әкеміз дүние жималды, үнемі қоғамның жұмысымен жүрді. Күндіз-түні газет ісімен, қаламгерлікпен шұғылданды. Өзі айтқандай, ел қатарынан аспады, ерге тән мінезбен өмірден өтті.

Біз де «бір түп жусан артық шығып», аяғымыздан турдық. Шама-шарқымызша елге қызмет жасалдық. Қазір сегіз перзенттің бәрі де бір-бір отау болып, әке атына дақ түсірмей, қазақы тәрбиесізбен қатардан қалмай келе жатырмыз.

Айбек САПАРОВ,
Қызылорда қаласы

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРТ ОҚЫРМАН

Бүгінде ғасырдың төбесін көріп отырған Сәндібек ақсақал — екі дәуірдің куәсі. Кешегі кеңес өкіметі тұсында өмірге келген бала сол уақыттың саясаты тілімізге, дінімізге жаудай тиіп жатса да, ауылдың иісін бойына сіңіріп, атадан қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты тереңірек танып өсті. Келті көрген көкірегі қазыналы қарт — кешегі «Ленин жолы», бүгінгі «Сыр бойы» басылымының тұрақты оқырманы.

Ғазиза ӘБІЛА,
«Сыр бойы»

Биылмақтың ата басылымы — «Сыр бойы» газетіне 95 жыл. Ал ата басылымының тұрақты оқырманы Сәндібек Рахметұлы 100 жаста. Керемет сәйкестік емес пе?! Иә, ақсақал әлі газет оқиды десек, әсіреленгендік болар, алайда бағы дағдысымен ауыл-аймақтың, ел-жұрттың аман-длығын біліп, «газет пен теледидарда не жаңалық бар» деп немере-шөберелерінен күнделікті сұрап отырады.

Сәндібек Рахметұлы 1924 жылы Жалағаш ауданының (бұрынғы Қызылжұлдыз қолхозы) қазіргі Мәдениет ауылында дүниеге келген. Қолхоздағы 1 Май мектебінен дәріс алып, хат таныды. Еңбекке жастай араласып, қолхоз етігін етуге үлкендерден кем түспей, үлесін қосты. Бертін келе трактор тізгінін ұстап, шаруашылықтың бел ортасында жүріп, белсенді еңбек етті.

Жасында ауыр науқасқа шалдығып, сол себепті әскерге жарамсыз деп танылған ол соғыс жылдарында тылда еңбек етіп, талай қиын-қыстау күндерді басынан кешті. Соғыстан оралмай қалған ер-азаматтардың орнын басып, күн-түн демей еңбек етіп, ауыл өмірінің тіршілік арнасын бұзбай, сақтап қалуға атсалысты.

Ол — ел басына түскен нәубет ашаршылық жылдардың куәгері. Заманның беті бері қарап, соғыстың салған ізі онала бастаған тұста, 1964 жылы Аққолқа елді мекеніне қоныстанып, қой бақты. Қарақұм, Қызылқұмды шарлап, түйемен көшіп-қонып, қысы-жазы бейнетін кешіп жүріп, отбасында өмірге келген он баланы өсіріп, жеткізді. Бәрін де қатарынан кем қылмай, оқытты. Қазір олар — бір-бір мамандық иесі.

Ақсақал абыройлы еңбегімен 1984 жылы зейнетке шықты. Сонда да ферма бастығының өтінішін жерге тастамай, тағы төрт жыл қой бақты. Құдай қосқан жары Жамал Сүйінші-әліқызымен бірге бейнетінің зейнетін көріп отырған Сәндібек қария соғыс ардагерлерімен теңестірілген тыл ардагері, еңбек ардагері. Қазір немере-шөберелерінің ортасында, ғасырдың бағын аралап, ғұмырының жүзіні жылымен жүздесіп отыр.

Әке тәлімін алған балалары да өмір соқпағында адал, абыройлы. Өнер-білім жолын таңдап, ұлт құндылығын ұлықтауда аянбай қызмет етіп жүр. Үлкен шаңырақтағы ұлы Айдос пен келіні Айнуэр өнер айдынында қатар жүзіп келеді. Жақында ғана Сәндібек қарттың немересі (Айдостың ұлы) Нәсер Сырдың жыраулар қосынына ілесіп, Астана төрінде өнер көрсетіп қайтты.



көп тұрған. Содан түйе жайылымына қолайлы деп отбасымыз осы бүгінгі қаланың ортасына көшкен. Ол кезде ортасы емес, көрістер жер ауып келгенде күріш ескен, ызылы жер, көл табыны. Осы маңда Шолак көше деген болған, сол жерде аз ғана үй отырған. Оны орыстар Чулацкая көшесі деген. Сол көшені кейін үй көбейген соң папамның ағасы Айтбай Сапаров Ыбырай Алтынсарин атына бертізген. Бұл кісі көп жыл қалалық оқу-ағарту бөлімін басқарған, беделді адам болған.

Біз сол кезден бері өмір бойы осы Алтынсарин көшесінде тұрып келе жатырмыз.

Дархан әкем қаладағы 1 Май мектебінде оқыған. Папам оқушы кезін еске алғанда дариыңды арғы бетіне жүзіп өтіп, лесохоздың жұмысын істеп, ақша табатынын айтатын. Отыз мыңға, шындалған, оның үстінде қорықпайтын жігіт болған ғой. Әйтпесе, дария канал емес, иірімді тартып кететін тіліз жау.

Сөйтіп, бозбала Дархан мектепті алтын медальмен бітіріп, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түскен. Студент кезінде Байділа Досқенов көкеміздің үйіне жиі барып тұрады екен. Мен жас кезімде ол кісінің де біздің үйге бірнеше мәрте келіп, аптап жататынын көрдім. Байділа бізбен рулас туыс. Кенес өкіметінің барлаушысы болған, қытайлардың өзі «Халық қаһарманы» деген атақтарын берген әйгілі адам. Женгеміз Инна Сафронова да тамаша жан еді.

Әкем университетті бітірген соң Шиелі аудандық «Сәкен өңір» газетінің тілшісі

Мұнан арғы өмірі кешегі «Ленин жолы», бүгінгі «Сыр бойы» газеті редакциясының қабырғасында өтті. Әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болып қызмет етті.

Бала кезімдегі бір оқиғаны айтайын. Ол кезде папам «Ленин жолында» журналист еді. Біздің үйге Алматыдан Байділа Досқенов көкеміз келіп, бір айдай жатты. Сонда күнде кешке қарай папам екеуі әңгімелеседі. Мен екі алақанымды негіме тіреп жатып, тындаймын. Маған кет демейді, бәлкім сол әңгімелерді кейін айтпай жүрсін дейтін шығар. Сонда Байділа көке өзінң барлаушы болып жүрген кездері туралы көп айтты. Соғыс кезінде Жуковпен кездескені туралы бір әңгімесі есімде. Бір шағын өзеннің көпіріне келіп, машиналары бұзылып қалыпты. Артынан бірнеше танк келіпті, олармен бірге атақты қолбасшы, маршал Жуков та келе қалады. «Танктер өту керек, машинаны суға итеріп жіберіңдер!» депті Жуков. Байділа көкем: «Мен — барлаушымын, машинаны суға итеруге болмайды» деп қарсы тұрады. Сонда маршал атып тастаймын деп пистолетін суырады. Көкем қасқайып тұра берді, маршал емес пе, атса атып тастауы мүмкін. Сол кезде қасындағы қаруласы Байділа көкеңі кеудесімен қақалап, аршалайды. Жуков «совет солдатты осындай болу керек» деп риза пейілмен, райынан қайтады.

Бұл — Байділа көкеңнің көп әңгімесінің бірі. Осы уақытта папам Байділа Досқенов туралы кітап жазуды бастаған екен. Ол кісі шүберекке орап, орден-медальдарын да әкеліпті. Келесі бір күні газеттің

өз замандастары өте жоғары бағалайтын. «Ленин жолы» газетінен — Әбдіқадиров Аналбаев, Аскар Токмағанбетов, Нәсіреддин Сералиев, Қомшабай Сүйенішев, Сейіл Боранбаев, Досмағамбет Тасекеев, Сәйд Баазитов, Қалқабай Әбенев, Сақтаған Есмаханов, Сәнімкүл Желдербаева секілді дүйім жұрқа танылған ақын-жазушылар шықты ғой. Біздің әкеміздің аты да осы саптың бел ортасында тұрады. Ол кісінің 1969 жылы «Ескек жел» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. Тілші болып жүріп, отыздан енді асқан жігіттің кітап шығаруы ол заманда өте сирек болатын.

Папамды белгілі жазушылар ерекше сыйлайтын. Біздің үйге талай рет ақын інілері Зейнолла Шүкіровті көтеріп әкелген. Ол кісі де папаммен әңгімелескенді ұнататын. Сол кісілердің папамға қарап: «Ақылды айтқызбай іледі, ақсұңқар қакқызбай іледі» деп ризалық сөз айтатындарын естінгімін.

Папамның әдеби ортадағы сыйлы, қадірлі бейнесіне әріптесі, ақын Әскербек Рахымбековтің мына бір естелігінен де көз жеткізуге болады.

«...Қазақ мемлекеттік университеті қалашығының тау жақ тұсындағы «Көктем» шипажайы ол кезде «Ремизовка» демалыс үйі болатын. Сонда демалып жатырмыз, ұмытпасам, 1976 жылдың қазан айы болуы керек. Дөкен екеуміз түске дейін демалыс орнында боламыз да, түскі тамақтан кейін қалаға тартамыз. Баратын координаттарымыз белгілі — газет-журналдардың редакциялары, баспапар және Қазақстан Жазушылар одағының үйі. Алматыда оқыған Дөкеннің таныстары

Б.СОҚПАҚБАЕВ – 100



Ә.Төжібаев атындағы облыстық кітапханасында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған «Қазақтың дара жазушысы» атты әдеби кеш өтті.

Сб Фазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ

Әдеби мазмұнды жиыңға жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бегімбай Ұзақбаев, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалының басшысы Қаршыға Есімсейітова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Айтбаева және басқа да зиялы қауым, БАҚ өкілдері, «Ашық» университеті және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің, «Өркеніет» медициналық колледжінің студенттері қатысты.

Кеште алғаш сөз алған жазушы Бегімбай Ұзақбаев, ақын Дүйсенбек Аяшұлы қазақ әдебиетінің алтын дәуірінің көрнекті өкілі, бабалар әдебиетін биік деңгейге көтерген Бердібек Соқпақбаев шығармашылығындағы шынайылықты, әділдікті, ерекше талантпен үйлесім тапқан көркемдікті атап өтті. Сондай-ақ каламгердің қоғам келбетін айнытпай суреттеп, оған бала жүрегі арқылы баға беретін шеберлігін сөз етті. Иә, ол уақытта әдеби көркем шығармалар, кинотуындылар қатаң цензурадан өтетін. Қоғамдағы ақиқатты ашық айтуға жол берілмейтін. Ал жазушы Б.Соқпақбаев өз шығармаларында осындай өзекті жайттарды балалар болмысына сыйдырып, жеп-жеңіл жеткізетін. Мысалы, оның «Менің атым – Қожа» повесіндегі басты кейіпкер Қожаның бір сөзінде «Фамилиям Қалдыров, кейде Қалдырлы деп жазғым келеді. Бірақ қасымдағылардың бәрі сондай болған соң Қалдыров деп жазамын» дейтіні бар. Аңдаған адамға осы бірауыз сөздің өзінде терең ой жатыр.

Сан қырлы талант иесін ерте есейткен ауырлау балалық шағы, тартысты тағдыры, соқтықпалы, соқпақты шығармашылық жолы туралы әңгімелеген каламгер Қаршыға Есімсейітова жазушы Б.Соқпақбаевтың өзі өмір сүрген қоғамда таланты, еңбегі лайықты бағаланбағанын, шығармашылығы жеңістер мен жеңілістерден тұратынын атап өтті. Ал оның бір себебі, жазушының қоғамдағы қайшылықтарды бүкпесіз айтып, батыл сынаптын тұрашыл мінезі болатын.

– Биыл Қазақстан Жазушылар одағының 90 жылдығы, сонымен бірге, қазақ әдебиетінде айшықты қолтаңбасы бар дара каламгердің бірі – Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл. Жазушының шығармаларын оқығанда бала кезімиз еске түсіп, еріксіз ойға жетелейді. Қай шығармасы болсын, басты кейіпкер жазушының өзі. Мысалы, «Менің атым – Қожа» повесі алғашында «Өзім туралы повесть» деп аталған. Сол тұста өзіміздің әдеби ортада лайықты бағаланбаған осы шығарма желісімен кейіннен «Кани» фестивалінде арнайы жүлдені жеңіп алған көркем фильм түсірілген еді, – деді Қ.Есімсейітова.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Айтбаева жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романын талдады.

– Шығармада жастық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген ұрпақтың өмірі жайлы айтылады. Басты кейіпкер Еркіннің басынан кешкен қиылы, махаббат дерті, ашысы мен тұшысы, қиындығы мен қызығы қатар отбасылық өмір, мұғалімдік қызмет студенті таласты-тартысты күндері, яғни, қоғамдағы қалыбы, ұстанымы баяндалады. Осының бәрін жеңіп шыққан кейіпкердің болмысы қажырлық пен төзімділіктің көрінісі. Демек шығарманың түйіні – өмірге деген құштарлық, – деді А.Айтбаева.

Әдеби мазмұнды кеште жас талант, бірнеше халықаралық конкурстардың лауреаты Ержігіт Сармырзаев «Менің атым – Қожа» повесінен монолог оқыса, облыстық филармония әншілері ән-жырмен әрледі. Кеш барысында оқырмандар назарына «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кең көлемді кітап көрмесі ұсынылды.

БАЙҚАУ

Шәкәрім шығармашылығы насихатталды

Жаңақорған аудандық балалар кітапханасында «Шәкәрім оқулары» атты аудандық байқау өтті. Шәкәрім Құдайбердіұлы мұраларын жатқа айту байқауы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен ұйымдастырылды.

Оған Жаңақорған кентіндегі 6 мектеп пен ауылдық 7 мектептен барлығы 32 оқушы қатысты. «Талап» іріктеу кезеңінде қатысушылар Шәкәрім ақынның бір өлеңін бастап айтып, кез келген жерінен тоқтатып, басқа өлеңін әрі қарай жалғастырып кетуі тиіс. Осылайша кездейсоқ ретпен жалғасып, екі рет қателескен немесе кідіріп қалған талапкер сайыстан шығарылады.

Алғашқы кезеңнен іріктеліп шыққан талапкерлер «Білім» кезеңінде ұлттық санамыздың ілгерілеуіне өлшеусіз үлес қосқан ойшыл ғұламаның өмірі және шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап беріп, бақ сынасты. Мұнан сүрінбей өткен қатысушыға «Таза ақыл» кезеңінде жеребе арқылы Шәкәрімнің бір өлеңі беріліп, соған талдау жасалып, өлеңнің мағынасын түсіндіреді.

Аудандық білім бөлімінің әдіскері Д.Айдарова, М.Көкенов атындағы өнер мектебінің директоры У.Ибрагимов, аудандық «Жаңақорған тынысы»

газетінің тілшісі Ә.Раева байқауға қазылық етті. Олар әр қатысушыны мұқият тыңдап, бағасын берді. Нәтижесінде көркем мәтінді оқу шеберлігі бойынша озық өнер көрсеткен №110 мектептің 6-сынып оқушысы І.Сатыбалды бас жүлдеге ие болды. Ол енді Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткізілетін байқауға қатысатын болады. Жүлделі І орынды №163 орта мектептің 7-сынып оқушысы А.Талғат жеңіп алса, №208 Кейден ауылдық мектебінің 8-сынып оқушысы А.Нұрәділқызы ІІ орын, №213 Әбдіғалпал ауылдық мектебінің оқушысы Б.Тасболат келесі жүлделі орынға ие болды. Шара соңында барлық қатысушыға арнайы сыйлық пен Алғыс хат табысталды. Айта кетейік, байқаудың мақсаты – ғұлама ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын насихаттау.

«СБ» ақпарат



«Кәукейдегі» құрылыс бітуге таяды

Қазалы ауданының «Кәукей» ауылы – ырыс пен берекесі келісті мекен. Бүгінде ауылда мектеп, мектеп жанынан ашылған 50 орындық балабақша, амбулатория секілді халыққа қызмет ететін әлеуметтік нысандар бар.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

Аудан басшылығының қолдауымен басталған 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы аяқталуға жақын.

– Бұл мәдениет үйін ауыл халқы көптен сұрап жүрген болатын. Мемлекет басшысының жергілікті жердегі халық өмірін жақсарту мақсатында шалғай ауылдарға жасап жатқан қолдауының негізінде мәдениет үйі салынууда. Ежелден руханияттан, ән мен жырдан ажырамаған «Кәукей» ауылының халқына бұл ерекше тарту болмақ. Барлық жұмыстары бітіп, ішіне заманауи үлгідегі жиһаздар әкелінуде. Келешек бұл нысанның ішінде ауыл

кітапханасы да жасалады. Бүгінгі өзінде кітапхана сөрелері жетті. Тапсырыс беруші – Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі, – дейді «Қызылқұм» ауылдық округінің әкімі Оңталап Мүсілім.

Ауыл әкімінің айтуынша, ғимаратта көрермен залынан бөлек, бірнеше бөлме қарастырылған.

Ал ғимаратты салып жатқан «SCS Инжиниринг» ЖШС мәдениет үйін керекті құрал-жабдық, жиһаздармен қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алған.

Қазалы ауданы

«Сот репортері» байқауы басталмақ

Биыл қазан айында елімізде Қазақстан Судьялар одағының ІХ съезін өткізу жоспарланған. Осыған орай одақтың өңірдегі филиалы мен облыстық сот бірлесе отырып, журналистер арасында «Сот репортері» байқауын ұйымдастырмақ. Бұл жайында облыстық сот ғимаратында өткен брифингте Судьялар одағының филиалының төрағасы Бақытбек Елшібеков мәлімдеді.

Сб Мадияр ТӨЛЕУОВ,
«Сыр бойы»

Алдымен Судьялар одағының республикалық қоғамдық бірлестік саналатынын айта кеткен жөн. Нақты бір істерге төрелік жүргізу мен сот саясатына араласпайды. Басты мақсаты – сот жүйесін жетілдіріп, саладағы қызметкерлердің әлеуметтік мүддесін қорғау.

– Қазақстан Судьялар одағының съезі ең алғаш рет 1996 жылы 19 желтоқсанда Алматыда өткізілді. Сол уақытта судьялар қауымдастығы ретінде Судьялар одағының жарғысы

қабылданып, мақсат-міндеттері белгіленді. Судьялардың съезі Судьялар одағының жоғары органы болып саналады. Кем дегенде үш филиалдың талабы бойынша төрт жылда бір рет шақырылады.

Судьялар одағының мақсаты мен міндеті жетерлік. Сот билігінің беделін арттырып, судьялардың әдеп кодексінде қойылған талаптарды орындауын бақылап, олардың тәжірибе алмасуын, нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуін қамтамасыз

етеді, – деді Б.Елшібеков.

Айтулы сөзге орай өткізілетін байқауда журналистердің тақырыптық ауқымы кең болмақ. Мәселен, журналистер газет, журнал, сайт немесе бейнесюжет пен бағдарламаларда авторлық жұмыстары ретінде қоғамдағы заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы соттың рөлін, сала ардагерлерін, сот жүйесіндегі тың өзгерістердің халыққа пайдасын, судьялардың ауыр да мәртебелі жұмысын қозғай алады.

Жалпы байқау екі кезең бойынша өткізіледі. Бірінші кезеңде материалдар 1 наурыздан 15 маусымға дейін, екінші кезеңде 1 шілденің 15 қарашаға дейін қабылданады. Екі кезең жеңімпаздары саралау нәтижесінде маусым мен қараша айында марапатталады. Қосымша ақпараттарды одақтың өңірдегі филиалы мен облыстық сот әлеуметтік желідегі парақшалары, сайттарында жариялайды.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



КЕҢЕС

Жеке кәсіпкер Мейрамкүл Өтешова көпшілікке дұрыс тамақтану мәдениетін үйрету және дене қозғалысының адам өмірін ұзартуда маңызы зор екенін түсіндіру мақсатында көшен ашты. Оған қазірдің өзінде келушілер қатары қалып. Ол 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Сб Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

ТАЛҒАМ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

– Адам ағзасына пайдалы өнімдер мен сусындарды осы жерден табуға, одан бөлек физикалық жаттығулар жасайсың. Бұл бір жағынан денсаулыққа пайдалы болса, екіншіден стрестен арылтып, мінез-құлықтың жақсаруына септігін тигізеді. Қазір жастар арасында түрлі келенсіздіктер көбейіп жатыр. Мұнда осылардың алдын алмақ Жеміс-жидек, өңделген өнім, қант қосылған тәттілерге қарағанда әлдеқайда жақсы таңдау. Адам қаншалықты көңілді болса, ол соншалықты отбасына, жұмысына көңіл бөледі. Өзім алғаш рет келіп отырмын. Алдағы уақытта балаларымды да жіберемін, – дейді қала тұрғыны Рима Сұлтанова.

Кәсіпкердің айтуынша, дұрыс тамақтану – адам денсаулығының негізі. Пайдалы тағамдарды, сусындар мен жеңіл тағамдарды таңдап, физикалық белсенді болу көптеген аурулардың алдын алмақ.

– Бұл кәсіпті алғашында сiңiлiмнен үйрендiм. Содан тәуекел етiп, өз қаламда ашуға қадам жасадым. Егер сiз балаңызды көкөнiстердi өзiңiзге мәжбүрлей алмасаңыз, оған өзiнiз жеп көрсетiнiз. Балаңыз тамақ таңдау туралы сiздiң үйренуi керек. Сондай-ақ оған өзi жақсы көретiн басқа пайдалы тағаммен аз мөлшерде жемiс-жидек немесе көкөнiс ұсынып көрсендi болады. Көптеген отбасы үшiн таң асығыстықпен өтуi мүмкiн, бiрақ егер күндi теңдестiрiлген таңғы астан бастасаңыз, бұл балаңызға оның өсуiне және дамуына қажеттi кальций мен жасуық сияқты маңызды қоректi заттарды алуға көмектеседi. Балаларға күнiне кем дегенде бiр сағат физикалық белсендiлiк қажет. Балаңыз смартфонмен өткiзетiн уақытын шектеуге үйрету де маңызды. Күн сайын пайдалы тамаққа және көңiлдi iс-шараларға үйрету оның дамуына көмектеседi, денсаулығын жақсартып және оны өмiр бойы оң, сау шешiмдер қабылдауға дайындайды, – дейдi Мейрамкүл Қосымқызы.



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына

сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен

сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс

бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және

қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бөйсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.